



Балажан С.

ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМҒА ЭЛИТАЛЫҚ КӨЗҚАРАС

В статье рассматривается элитическая концепция как новый методологический подход к проблеме традиционного общества отечественной истории.

The given article the elliptical conception as a new methodological approach to the problem of traditional society of native history is considered.

Қазіргі заманғы қоғамдық ғылымдарда «элита» ұғымының анықтамалары көп болғанымен олардың бәрі де осы категориядағы тұлғалардың қоғамдағы таңдаулылар екендігіне ден қояды. Кейбір ғалымдар элитаның басты белгісі ретінде олардың асылтектілігін атайды, ал екіншілері бұл категорияға қоғамдағы ең бай адамдарды, үшіншілері өте қабілетті қоғам мүшелерін қосады. Элита ұғымының осылайша әртүрлі мағынада қолданылуы осы тәсілге деген қызығушылықтың ерекшелігінен туындайды. Мәселені дәстүрлі қоғамның тарихын зерттеуде ұлттық элитаның қалыптасуы мен қызметіне орай қарастырудың ерекшелігі элита категориясын осы қоғамдағы билеуші тап ретінде қарастыруды қажет етеді.

«Элита» - [фр. elite] атауы француз тілінде «үздік», «таңдаулы» деген ұғымды береді [1.582]. Бұл терминді саяси тап ұғымы мағынасында ғылыми айналымға алғаш рет Гаetano Моска енгізген болатын. «Элита» терминіне барынша кең мағына беріп, оны әлеуметтану мен саясаттану ғылымдарының ғылыми категориясы ретінде айналымға В. Парето енгізді. Қазіргі заманғы саяси ойлау жүйесінде бұл термин мағынасы нақтыланып, ол қоғамдағы билеуші топ ретінде билік субъектісін танытатын категория ретінде орнықты.

Ғылыми әдебиеттерде элита табиғаты құрылымдық жағынан саяси, әкімшілік, экономикалық, интеллектуалдық, әскери, кәсіптік сияқты жалпы категориялардан тұратындығы белгілі. Солардың арасында саяси элита және саяси басшылық ұғымы билік құрылымымен тығыз байланысты болмақ. Соған сәйкес саяси элитаның өз қатарына қоғамда стратегиялық маңызды шешімдер қабылдайтын тұлғаларды топтастырады деген тұжырым дәстүрлі қоғамдағы биліктің сипатына талдау жасауымызға мүмкіндік береді.

Элита категориясына қатысты әлемдік ауқымдағы қоғамдық-саяси ойдың жетістіктеріне талдау жасау барысында тарихи таным тәсілдерінің көп екендігіне көзіміз жете түсті. Өз артықшылығы мен кемшін тұстары болатын сол көп тәсілдердің бірі - қоғамдық құбылыстар мен тарихи оқиғаларды элиталық тұрғыдан талдау екендігі даусыз. Осы тарихи таным тәсілінің жан-жақты теориялық негізделуінен оның ғылыми интеллектуалдық мүмкіндіктерінің мол екендігін танимыз. Элита концепциясы батыс елдерінде қалыптасып, дамығаны белгілі. Содан да оның тұғырнамасы Евразия даласы көшпелілері өркениетіндегі қазақ қоғамы үшін



біршама бейтаныс болуы мүмкін. Мазмұндық және теориялық ерекшеліктері қазіргі қазақ қоғамы үшін біршама жаңалық болып көрінгенімен ол концепцияның басты қағидалары мен ұстанымдары дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік институттардың мемлекеттік билік құрылымдарын қалыптастыратын қоғамдық қатынастар жүйесінде бұрыннан қолданылып келгені белгілі болып отыр. Осы мақсатта Түркістанның этносаяси үдерістеріндегі ұлттық элита қызметінің тарихын жан-жақты және жаңа көзқараспен қарастыруда ұсынып отырған теориялық-әдіснамалық негіз тақырыптың алдына қойылған мақсат, міндеттерді шешу арқылы тарихи танымда соны нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Элита мәселесін әр ойшыл нақты тарихи жағдайға байланысты әр қырынан қарастырды: кейбірі ең үздік, ең қабілетті және дайындығы мол адамдардың қоғамды басқаруы қажеттігін айтса, енді бірі қолданыстағы кез-келген биліктің заңдылығы туралы идеяны алға тартып, билеушілердің өз мақсаттарына жетуде қолданған құралдарының бәрін ақтауға ұмтылады. Олардан өзге элитаны әлемді басқарушы тылсым күштің қолындағы қару ретінде қарастыру, тіпті элитасыз қоғам құру мүмкіндігі туралы идеялар да көтерілді. Бұндай мазмұндық көптірлілік элита ұғымының ауқымдылығын танытады. XX ғасырға дейінгі ойшылдардың көтерген осындай идеялары қазіргі заманғы саяси ой ағымдарында бұл ұғымның одан әрі дамуына негіз қалады.

Кеңестік, ресейлік ғылыми әдебиетте элита ұғымы негізінен екі жақты мағынада түсіндіріліп келеді. Оның бірінші нұсқасы кен мағынада қолданылады да кез-келген қоғамда әлеуметтік-саяси қатынастарды сипаттауда қолдануға болатын әмбебаптық мазмұнымен ерекшеленді. Бұл нұсқаның негізгі мәні - элита барлық кезде де өмір сүреді деген ақиқатқа басымдық беруден туындайды. Ал екінші нұсқадағы элитаның нақты тарихи кезеңде мазмұндық, сипаттық түрленуі өзге мәселе [2.6]. Біз бұл жерде дәстүрлі қоғамдағы саяси-әлеуметтік құрылымға талдау жасауда бұқараға билік жүргізетін элитаның табиғатына тоқталғанды бағдар етіп аламыз.

Қандай қоғамда, қай кезде де адамдардың екі әлеуметтік тобы – басқарушылар мен бағыныштылар тобы болатындығы, алғашқылар аз санды болғанымен саяси қызметтің бәрін атқарып, билікті монополизациялап және биліктің қамтамасыз еткен игіліктеріне иелік жасайтындығы даусыз. Қазіргі заманғы қоғамтанушылар арасында элитаның осы әмбебаптық тәсілін қолдаушылардың басым болуының өзі мәселенің өзектілігін аңғартады.

Қоғамдық ғылымдарда кен қолданыс тапқан элитизм идеясын Ресей тарихына қатысты қарастырған авторлар «Ресей қоғамындағы қызметкер таптың - саяси элитаның алғашқы тарихи түрі боярлар болды - дей отырып, дәл осы боярлар Киев Русі және Мәскеу мемлекеті кезеңінде басқару қызметін атқарды» [3.118] деген тұжырым жасайды. Ал А.В.Понедельков деген автор мәселені одан да кеңейтіп, воеводалар, боярлар, дворяндар мен кеңестік қоғамдағы номенклатураны Ресейдің әртүрлі кезеңдегі саяси-әкімшілік элитасы ретінде атайды [4.29]. Осындай теориялық тұжырымдарды негізге алсақ дәстүрлі қазақ қоғамындағы билеуші тап - саяси элитаның алғашқы тарихи түрі - Хан кеңесінің мүшелерін де элита қатарына қоса аламыз. Дәстүрлі элита деп аталатын хан кеңесі мүшелерінің қатарына А.Оразбаева орта буын өкілдерінен билер, жыраулар мен батырларды қосады [5.203]. Өз тарапымыздан дәстүрлі қоғамдағы бұл элиталық шоғырға әр жүздің, рудың рухани өмірінің басында тұрған тұлғалар - дінбасыларды да қоса қарастырғанды орынды болар деп санайсыз.

Дәстүрлі қазақ мемлекетінің хронологиялық шегі қазақ хандығымен (XV-XIII ғғ.) ғана шектелмесі белгілі. Олай дейтініміз, «...мемлекет батыстық және шығыстық өркениеттің жемісі, Ұлы дала тарихына қатысты қолданар болсақ мемлекеттілік (мемлекет емес) өркениеттік үдерістің негізі (нәтижесі емес) болмақ. Көшпенділер өркениетінің саяси сипатындағы іргелі ерекшеліктер осыдан туындайды» [6.24-25]. Демек, осы қорытындыға сүйеніп, дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік құрылымының ерекшелігін саралауға болар еді. Түркі халықтары тарихында саяси элитаның ұзақ уақыт бойы бастан өткізген саяси-әлеуметтік, құқықтық дамуы олардың түрлі мемлекеттік құрылым үлгілерін қалыптастырған қызметінің тарихы ретінде қарастырылуы тиіс деп білеміз. Осы пікірлерді ескере отырып, «қазақ мемлекеттілігін теориялық тұрғыда пайымдау үшін ежелгі көшпелі сак, ғұн, үйсін, түрік, моңғол, қазақ мемлекеттеріндегі Мөде шанью, Бұмын қаған, Естемі қағаннан бастап қазақ хандары Есім, Қасым, Тәуке, Кеңесарылардың жүргізген маңызды мемлекеттік-құқықтың реформаларын ескеріп, мемлекеттік биліктің генезисін зерттеуіміз қажет» [6.30] деген зерттеушінің тұжырымы қолдап, қуаттауға лайық. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы ұзақ кезеңді, осындай бай мазмұнды қамтитындықтан қазақ қоғамындағы билік өкілдері ретінде элита мәселесін осы хронологиялық кезеңнің шегінде қарастыра аламыз.



Ғылыми танымдағы элиталық концепцияның әмбебаптық тәсілін қолданып, алғашқы қауымдық қоғамның тайпаларының да бұқара және элита болып бөлінгендігі жөнінде айтпай кетуге болмайды. Бұл тәсілді адамзат тарихына тұтастай талдау жасауға қолданғанда әр қоғамда билік қатынастарының мазмұндық өзгеріске түсетіндігін де ескеруіміз керек. Өйткені, мемлекетке дейінгі даму сатысындағы қоғамда билік қатынастары саяси сипат ала қоймаған, тек бұқара мен көсемдер арасындағы байланыстар саяси мәнге ие болған кезден бастап қазіргі ұғымдағы элитаға тән саяси-әлеуметтік сапаларда кездесе бастайды. Осындай даму үдерісінің барысында элитаның қалыптасу негізінің өзі өзгереді. Оның мәні, саяси элитаға қатысты бедел мен жеке сапаның күшін күш пен меншіктің беделі алмастыратын болады.

Дәстүрлі қоғамның құбылысына элиталық көзқараспен талдау жасағанда кез-келген философиялық-тарихи теорияның тарихи дамудың жаңа әдіснамалық концепциясын жасауға мүмкіндік бертіндігі есте болуы керек. Бірақ ол әдіснама қандай да болмасын бірқатар белгілі бір шарттылықтардан, шектеуліліктерден құтыла алмайды. Осы пікірлерді одан әрі өрбіткен И.Д.Ковальченко «қандай да бір теорияға сүйеніп, қандай да бір қоғамдық қатынастарды сипаттау тек бір тарихи шекара көлемінде ғана өзін ақтай алады» [7.456-457] деген тұжырым жасайды. Соған сай элиталық концепцияның тарихи шарттылығын оның танымдық негізін құраған тәсілдерінің кемшілігі арқылы тануға болады. Осыған байланысты әмбебаптық тәсілдің бір кемшілігі, элита жеке меншік пен мемлекеттілік негізінде қалыптасқан қоғам жағдайында ғана пайда болады деген қағидадан туындайтындығына көз жеткіземіз. Осы таным тәсілі адамзаттың бірлігіне, біртұтастығына негізделген синкретті ойлау жүйесінің орнына қоғамды «төменгілердің» тағдырын қолына алған «таңдаулы», «ерекше» топты (элитаны) дәріптейді. Демек, бұл көзқарас К.Маркс пен Ф.Энгельс «осы кезге дейін өмір сүріп келген барлық қоғамның тарихы тап күресінің тарихы болып келді. Ерікті мен құл, патриций мен плебей, помещик пен крепостной, шебер мен шәкірт, қысқасы қанаушы мен қаналушы бір-біріне мәңгілік антагонизм жағдайында болып, бірде ашық, бірде жасырын күрес жүргізіп келді» [8.142] деген кеңестік қоғамда үстемдік еткен таптық-формациялық теорияны қайталауға ұрындырады деп білеміз.

Біз сөз етіп отырған әмбебаптық тәсілдің келесі бір кемшілігі ретінде оны қолдануда ортағасырлық Еуропа, ресейлік, шығыстық қоғамның ерекшеліктерінен туындаған нақты тарихи ақиқатты түсіндіруде кездесетін түйінді мәселелерге берілетін бағаға байланысты атауға болатын сияқты. Осы таным тәсілін қолдаушылардың өздері батыстың элиталық концепциясын Шығыс пен Ресейдің өркениетіне қатысты қолданудың тиімсіздігін мойындайды. Айталық, кеңестік Ресейдегі партиялық-мемлекеттік номенклатура құбылысын элиталық теория өлшеміне сыйғыза алмайтындығымыз сияқты, дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік мәселесіне қарап бағалай да тарихи ақиқатқа қол жеткізе бермейді.

«Элита» терминін оқшаулап, оны пәнаралық байланыс ерекшеліктеріне сай қарастыру нақты тарихи ақиқатқа көз жеткізу мақсатынан туындайтындығы белгілі. Тарих ғылымында қолданылатын бұл тәсіл бойынша элитаның пайда болуы индустриалды қоғамның қалыптасуы және дамуымен байланыстырылады, өйткені индустриалды қоғамда ғана элита құбылысының мазмұны толық ашылады. Бұл қоғамда «жоғарыдағылар» мен «төмендегілердің» арақатынасы антагонистік қарама-қарсылық тұрғысында емес қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымындағы тұрақтылықтың көрінісі ретінде қарастырылғанда ғана толық ашылады.

Элитаның билікке қатысты қағидалары бойынша қазіргі кездегі саяси ғылымдарда қалыптасқан мынадай екі бағыт байқалады, олардың біріншісі биліктің тұлғаға ықпал жасау қабілеті ретінде қабылданады. Екінші бағытты биліктің белгілі бір шешімдерді қабылдауға ықпал ету қабілеті деп атайды.

Осы жерде басын ашып айтатын бір мәселе, қоғамның элита және бұқара болып әлеуметтік жіктелуі таптық жіктелуді қайталамайды. Бұлай жіктелудің ең басты өлшемі – билік, одан да нақты айтар болсақ билікке және оған қол жеткізетін ресурстарға деген қоғам мүшелерінің қатынасы. Әлеуметтік және саяси жіктелудің жолайырғындағы бұл өлшемнің қандай қоғамда болса да кездесетін ортақ белгілері бар екендігін атап айтуға болады. Индустриалды немесе таптық қоғамдағы биліктердің мазмұндық ұқсастығын айтпағанның өзінде «тапсыз» деп айшықталған кеңес қоғамында «Номенклатура үшін ең бастысы – билік. Меншік емес тек билік. Буржуазия – меншік иесі, содан да билеуші топ. Номенклатура – билеуші топ, содан да меншік иесі» [9.115] екендігі көзге ұрып тұратын еді. Қоғамның өзгерісімен бірге ондағы биліктің сипаты да, құрылымы да өзгереді. Сондай өзгерістер,



біріншіден элитаның жеке құрамынан; екіншіден биліктің мазмұндық сапасынан; үшіншіден, элита қызметінің құрылымы мен мазмұнынан көрінеді. Осыдан аңғаратынымыз, элита қызметінің басты ерекшелігі қоғамда болса да әлеуметтік тепе-теңдік пен қоғамдық тәртіпті орнықтыру, тарихи әрекеттің пәрменді субъектісі болатын қалың бұқараның дамуын қамтамасыз етуге саяды. Қазіргі қоғамда «билік пирамидасының шыңындағы ескі және жаңа әлеуметтік субъектілердің симбиозы орынды және технологиялық қажеттілік» [2.13] болғандықтан таптық жіктеудің күні өткен деуге болмайды, қайта ол өткен дәуірдің сабақтастығын қамтамасыз ететін элиталық жіктеудің құрамды бөлігі ретінде танылады.

Элиталық көзқарас қоғамның таптық белгілерінен басқа оның саяси сипатына қарай демократия, фашизм, сталинизм (тоталитаризм), маоизм және т.б. жағдайдағы мемлекет түрінде кездесетіндігін айғақтайды. Қолына шоғырланған ресурстарға сай саяси тәртіпке жауап беретін элита бұл мемлекеттерде тарихи дамудың шарттарына, қоғамның дәстүрі, экономикалық және технологиялық даму деңгейіне сәйкес қалың бұқараға өз билігін жүргізеді. Осындай мазмұндық, сипаттық ерекшеліктері мен ішкі қайшылықтарына қарамастан қандай қоғамда, қандай саяси билік жағдайында болса да элитаның іске асыратын үдерістерінің басты мазмұны дәстүрлі қоғамды жаңғырту, оны «қазіргі заманғы» қоғамға айналдыру болып қалатындығын көреміз. Осыла дегенмен элиталық теорияның танымдық мүмкіндігін асыра дәріптеуге болмайтындығын айта кеткеніміз жөн. Кеңестік тарихнаманың ірі ойшылы И.Д.Ковальченко «Тарихи танымның қандай да болмасын әмбебаптық және абсолюттік теориясы мен әдістемесін жасауға деген ұмтылысты естен шығару керек. Қоғамдық-тарихи дамудың қасиеттері мен белгілерінің шексіздігінен қандай болса да бәрінқамтушы теория жасаудың мүмкін еместігі туындайды» [7.456] дегенмен тарихи танымдағы элиталық концепцияның ғылыми ойға ұсынар жаңалығы мол екендігіне дәстүрлі қоғамның тарихына талдау жасағанда көзіміз жете түседі. Элиталық ой-тұжырымдарды зерттеу тәсілі ретінде қолдану отандық тарихтың мазмұнын, әсіресе дәстүрлі қоғамның тарихына қатысты тың тұжырымдар жасап, жаңа желілерді тарқатуға мүмкіндік береді деп білеміз. Соңғы кезде ғылыми ойдың жетістігі болып саналатын интеллектуалдық тарих мақсаттарымен үндесетін бұл тәсіл отандық тарих ғылымына жаңа тыныс береді.

Элитаның жаңа қоғамдағы баламасы интеллигенция деп бағалар болсақ, оны қазақы ұғымда «зиялы», «дегдар», «бекзат», «оқығандар» деген сияқты баламалармен отандық тарихшылар біршама зерттеп, ғылыми айналымға ұсынды. Айталық, «Қазақ интеллигенциясы қашан қалыптасты?» деген сауалға Х. Әбжанов мынадай жауап береді: «Россияның қол астына енгенге дейін XIV-XVII ғасырлардағы қазақ қоғамы ой еңбегі адамдарына кенде емес болатын. Олардың арасында сәулетшілер да, басқарушылар да, композиторлар да, әскер басылары да, ақындар, сал, серілер, жыраулар да, дипломаттар да бар еді. Ұшы-қиыры жоқ кең даладағы цивилизация талабына творчестволық қызметі толық жауап берген интеллигенцияның әлеуметтік тобы тап осы тұста құрылды». Осылай дей отырып, ғалым зиялылардың ел алдындағы қызметін Ш. Құдайбердіұлының «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие деген сол болса керек» деген сөзі мен дәлелдейді. Х.Әбжановтың осы тұжырымы бізге элиталық тұлғаның дәстүрлі қоғамдағы алатын орнын анықтап, атқарған рөліне баға беруде әдіснамалық бағдар бола алады.

Осындай теориялық тұжырымдар жасай отырып, Х. Әбжанов дәстүрлі қоғам жаңа қоғаммен алмасқанда ұлттық интеллигенцияның саны өседі, бірақ оған деген қажеттілік бәрібір толық өтелмейтіндігіне тоқталады. Оның айтуынша ат төбеліндей аз интеллигенция тобы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып дегендей» туған халқының жоғын жоқтап, жыртысын жырты бермейді. Оған олардың мәдени, рухани даму деңгейінің әртүрлі болып келуі де ықпал жасайды. Осыған байланысты А. Байтұрсынов 1911 жылдың өзінде олардың бірі: «мал табуға салынды, білді жалғыз алымды», екіншісіне шен мақсұт болды. Осының өзі халық пен оның зиялыларының арасына алшақтатпаса жақындатпады» [10.26-27], - деп интеллигенция қатарындағы саяси және әлеуметтік жіктелудің сырын ашады. Демек, ұлттық интеллигенция құрамының әралуандығы дегеніміз, ұлттық элитаның құрамының да әралуандығын танытады деп бағалағанымыз орынды болады.

Дәстүрлі қоғамға қатысты әлемдік ауқымдағы қоғамдық-саяси ойдың жетістіктеріне талдау жасауда тарихи таным тәсілдерінің көптүрлілігі бірден көзге шалынады. Таным тәсілі ретінде артықшылықтары мен кемшін тұстары болатын тәсілдердің бірі - қоғамдық құбылыстар мен тарихи оқиғаларды элиталық тұрғыдан талдау. Аталған ғылыми таным тәсілінің жан-жақты теориялық негізделуінен оның ғылыми интеллектуалдық мүмкіндіктерінің мол екендігін көреміз. Элита концепциясы батыс елдерінің тәжірибесінде қалыптасып, дамығаны белгілі ақиқат. Содан да оның теориялық тұғырнамасы Евразия даласы көшпелілері өркениетіндегі қазақ қоғамы үшін біршама



бейтаныс болғанымен, дәйектік (фактологиялық) жағынан тарих ғылымы дамуының ортақ заңдылықтарына бағынады. Содан да элиталық тұжырымдардың мазмұндық және теориялық ерекшеліктері қазіргі қазақ қоғамы үшін біршама жаңалық болып көрінгенімен ол концепцияның басты қағидалары мен ұстанымдары дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік институттардың мемлекеттік билік құрылымдарын қалыптастыратын қоғамдық қатынастар жүйесінде бұрыннан қолданылып келгендігі дәстүрлі қоғамның тарихына талдау жасағанда көз жеткізе түседі.

Әдебиеттер:

- 1 Словарь иностранных слов. -12-е изд., стереотип. -М.: 1985. -608 с.
- 2 Мохов В.П. Элитизм и история: Проблемы изучения советских региональных элит. -Пермь.: Пермьгос. техн. ун-т, 2000. -204 с.
- 3 Гаман О. Боярство во главе русского общества //Россия XXI. 1997. -№ 5-6.-С.110-119.
- 4 Понедельков А.В. Политико-административная элита: Генезис и проблемы ее становления в современной России (регионально-политический анализ): диссертация в форме научного доклада д-ра полит. наук. -М.: 1995. -60 с.
- 5 Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты.-Алматы: Дайк-Пресс, 2004.-206 б.
- 6 Оразбаева А.И. Историческая воля и человеческое безволие Бурундука // Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности). -Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.-368 с. (30-35)
- 7 Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. -М.: Наука, 2003. – 486 с.
- 8 Әбжанов Х. Бекмаханов және ұлт-азаттық қозғалыстарды зерттеу әдістемесі. // Қазақ тарихы. - №3-2006.- 3-8 бб.
- 9 Восленский М. Номенклатура. -М.: Захаров. 2005. -640 с.
- 10 Әбжанов Х., Әлпейісов Ә. Қазақстан интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. - Алматы: 1992. –127 б.